



Анықтама

Балабақшаның террористік тұрғыдан осал объектілер (ТТО) санатына жатпайтындығы туралы

«Самгау-3» балабақшасында көрсетілген мемлекеттік аттестаттау қамтитын оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген «Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен критерийлеріне» және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес, білім беру саласындағы мектепке дейінгі ұйымдар ғимараттағы білім алушылар (балалар) мен қызметкерлердің нақты саны 100 және одан көп адамды құраған жағдайда ғана ТТО объектілерінің санатына жатқызылады. Балабақшада қазіргі таңда тәрбиеленуші балалардың нақты саны 63 бала, ал жалпы қызметкерлер мен педагогтар саны — 16 құрайды. Мекемедегі жалпы адамдардың жиынтық саны 100-ден аспайды. Осыған байланысты, балабақша заңды түрде террористік тұрғыдан осал объектілер тізбесіне енгізілмеген, мекемеде терроризмге қарсы қорғалудың арнайы паспорты жоқ, мамандандырылған (лицензияланған) күзет агенттігімен келісімшарты бар. Сонымен қатар, балабақшада балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ішкі бейнебақылау камералары орнатылған, алғашқы өрт қауіпсіздігі ережелері сақталған және ТЖ кезіндегі эвакуациялау жоспары бекітілген.

ЖШС «Самгау-3» балабақшасы меңгерушісі



Ж.Е.Акилбекова